

Конкурс өткізу туралы хабарландыру

Орналасқан жері: 080312, Жуалы ауданы, Қосбөлтек ауылы, Қойбақов көшесі №70 **Телефон номері:** 5-20-12; 87472698620

Пошталық мекен-жайы: shugula_zhuali@mail.kz

Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Лауазым атауы: Педагог-психолог лауазымы.

Еңбекке ақы мөлшері: 0,5 штаттық бірлік-173466 (жүз жетпіс үш мың төрт жүз алпыс алты)

Лауазымдық міндеттері:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық және әлеуметтік әлауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге бағытталған қызметті жүзеге асырады;

Баланың дамуы мен мінез-құлқындағы проблемаларды анықтайды, психикалық, эмоционалдық-коммуникативтік және тұлғалық даму деңгейі мен ерекшеліктеріне психологиялық диагностика жүргізеді, психологиялық қортынды жасайды;

Мектепке дейінгі жастағы балалар тұлғасының дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды, әртүрлі психологиялық көмек көрсетеді;

Қажет болған жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және балаларға арналған, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар жеке дамыту бағдарламаларын, сондайақ оны педагог-ассистент іске асыру үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты жеңу жөніндегі бағдарламаларды жасайды, оларды жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары түрінде іске асырады;

Мектепке дейінгі жастағы шығармашылықпен дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, олардың дамуына, шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпал етеді;

Ата-аналарға, тәрбиешілерге педагогтерге консультациялық көмек көрсетеді; Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;

Балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

Педагогтардың үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары: диплом бойынша педагог-психолог мамандығына сәйкес.

Құжат тізбесі:

1.Конкурсқа қатысу туралы өтініш

2.Жеке басын куәландыратын құжат

3.Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы

4.Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері

5.Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі /бар болса/

6. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама

7. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама

8.Наркологиялық ұйымнан анықтама

9.Сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік /бар болса/

10. Бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

11.11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы

Конкурсқа құжат қабылдау мерзімі: 27.01.2026ж-30.01.2026ж